

Заңды тұлғаларға арналған құжаттама тізімі

№	Құжаттың атауы
1.	Принципал қол қойған және оның мөрімен (бар болуы жағдайында) куәландырылған банк кепілдігін алу өтініші
2.	Принципал қол қойған және оның мөрімен куәландырылған сауалнама <i>(қажет болған жағдайда)</i>
3.	Кредит тарихы субъектісінің келісімі
4.	Сатып алу аясындағы Келісімшарт/Шарт/Конкурстық құжаттама (барлық толықтырулары/өзгертулері ескерілген)/Кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша қамтамасыз ету сомасының есептелуін растайтын құжаттар (кеден декларациясы/кеден органының хаты/өзге құжаттар, есептеулер)
5.	Мемлекеттік электронды рұқсаттар мен хабарламалар тізілімінен алынған үзінді/лицензиялар/рұқсаттар (жүзеге асырылатын қызмет лицензиялануға тиіс/қызметті жүзеге асыру үшін рұқсат алу немесе хабарлама жолдау керек болатын жағдайлар)/ЖШС/АҚ қызметінің лицензияланбайтыны туралы арыз.
6.	Қызметін типтік жарғы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаның тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы арызы/жарғысы, құрылтай келісімшарты (Жарғыда қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлестерінің мөлшері мен үлестірілуі туралы ақпарат болмаған жағдайда)/ЖШС қатысушыларының тізілімі (ЖШС қатысушыларының тізілімін тәуелсіз тіркеуші жүргізген жағдайда)
7.	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлік/заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы анықтама/тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама
8.	Принципал қолының және мөр бедерінің үлгілері бар құжат (бар болуы жағдайында)
9.	<i>Қарыз алушының қатысушысы(-лары)/акционері(-лері) заңды тұлға болған жағдайда:</i> Қызметін типтік жарғы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаның тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы арызы/жарғысы, құрылтай келісімшарты/қарыз алушының жарғылық капиталындағы қарапайым акциялардың (қатысу үлестерінің) түпкілікті меншік иелеріне дейінгі ақпаратты ашатын, қарыз алушының жарғылық капиталындағы қарапайым акциялардың (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызына иелік ететін акционерлер (ЗТ қатысушыларының тізілімін тәуелсіз тіркеуші жүргізген жағдайда ЗТ қатысушылары) тізілімінен үзінді, заңды тұлға органының (атқарушы органның, директорлар кеңесінің немесе басқа да уәкілетті органның) уәкілеттігін растайтын құжаттар
10.	Қарыз алушының уәкілетті органының атқарушы органы тағайындау туралы шешімі, қарыз алушының атқарушы органын тағайындау туралы бұйрық
11.	Атқарушы орган жетекшісінің жеке куәландыру құжаты
12.	Принципалдың уәкілетті органының (акционерлерінің жалпы жиналысының/жалғыз акционерінің/директорлар кеңесінің/атқарушы органының) кепілдікті алу/кепілдіктің шығарылуына лимитті ашу туралы шешімі
13.	<i>Принципалдың атынан шарттарға бірінші жетекшісі болып табылмайтын тұлға (сенім білдірілген тұлға) қол қойған жағдайда:</i> 1) Заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған, заңды тұлғаның бірінші жетекшісі қол қойған, заңды тұлғаның бірінші жетекшісі берген сенімхат; 2) Сенім білдірілген тұлғаның жеке куәландыру құжаты және (немесе) қызметке тағайындау туралы бұйрық
14.	<i>Акционерлік қоғамдардың жағдайында қосымша тәртіпте:</i> 1) (Банкпен мәміле жасау туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысымен/жалғыз акционермен қабылданған жағдайда) (қарыз алушының кредитті/банк кепілдігін алу мақсатында хабарласуы күнінен ерте болмайтын күндегі жай-күйге қарай) қарыз алушының жарғылық капиталындағы қарапайым акциялардың түпкілікті меншік иелеріне дейінгі қарапайым акциялардың он не одан да көп пайызына иелік ететін қарыз алушы акцияларының барлық меншік иелері туралы ақпаратты ашатын, қарыз алушының қарапайым акцияларының он не одан да көп пайызына иелік ететін акция ұстаушыларының тізілімі; 2) құнды қағаздар/жарияланған акциялар шығарылуының (эмиссиясының) мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік; 4) акцияларды шығару және орналастыру нәтижелері қамтылған есепті бекіту туралы мәліметтер; 5) жалғыз акционердің/акционерлердің жалпы жиналысының Директорлар кеңесін сайлау туралы шешімі; 6) (Банкпен мәміле жасау туралы шешім Директорлар кеңесінің құзыреттілігіне жатқан жағдайда) директорлар кеңесін таңдау туралы шешім қабылдау күніндегі жай-күйге қарай қарапайым акциялардың он не одан да көп пайызына иелік ететін акционерлер тізілімінен үзінді немесе акция ұстаушыларының тізілімі; 7) (Банкпен жасалатын мәміле ірі немесе мүддесі бар болған жағдайда) ірі мәмілені немесе мүддесі бар

	мәмілені жасау туралы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қаржы есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында хабарламаны орналастырудың растамасы.
15.	<i>ЖШС жағдайында қосымша тәртіпте:</i> «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңында қарастырылған жағдайларда Банкпен мәміле жасау мәселелері бойынша қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы ЖШС қатысушыларын хабардар ету/баспасөз басылымындағы жарияланымның растамасы.
16.	Қарыз алушының уәкілетті тұлғасының қолымен және мөрмен куәландырылған ЖШС және АҚ үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді қамтитын тізілім

Ескертпе: Тізім минималды болып келеді және, қажеттілік туындаған жағдайда, Банк қосымша құжаттаманы сұрау құқығын өзіне қалдырады.